

«8D05101–Биология» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Сырайыл Саягүлдің «Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы перспективалы дәрілік өсімдіктердің биологиялық белсенді заттарының құрамын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

### ПІКІРІ

Сырайыл Саягүл 2019 жылы «8D05101–Биология» мамандығы бойынша докторантураға түсті. Ол өзінің диссертация жұмысын әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің дәрілік өсімдіктерді ғылыми зерттеу орталығы, биология және биотехнология факультеті биомедицина ғылыми зерттеу орталығы, биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасы зертханасы, Акдениз университеті ғылым факультеті зертханаларында (Анталия, Түркия) жасады.

Сырайыл Саягүлдің диссертациялық жұмысы Қазақстанның оңтүстік-шығысында өсетін өндірістік маңызы бар *Artemisia schrenkiana* Ledeb. (Шпенк жусаны), *Leonurus turkestanicus* V.I.Krecz. (Түркістан сасықшөбі) және *Cerasus tianschanica* Poljak. (Тянь-шань шиесі) өсімдіктерін геоботаникалық, фитохимиялық, биомедициналық зерттеуге, сондай-ақ, олардан алынған сығындылардың қант диабетіне ұшыраған жануарлардың ағзасына әсері мен антиоксиданттық қасиеттерінің әсер ету белсенділігін қарастыру, биологиялық белсенді заттардың тиімділігін анықтау негізінде еліміздің өндірістік, экономикалық маңызға ие, фармацевтикалық, денсаулық сақтау салаларында пайдаланылатын жаңа перспективті дәрілік шикізаттардың базасын кеңейту мүмкіндіктерін зерттеуге арналған.

Сырайыл Саягүл жұмыс барысын негіздеп, зерттеуден алынған нәтижелердің материалын нанымды қисындылықпен сипаттай білді. Жұмыста зерттеуге анық, нақтылы талдау берілген, қортындылары осы жұмыстың алға қойылған мақсатына жүйелі негізделген. Диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық мәні қазіргі уақытта дәрілік заттарды жасау жаңа фармакологиялық заттарды клиникаға дейінгі бағалаудың заманауи ережелерін талап етеді. Аталған зерттеу жұмысы аясында отандық дәрілік заттарды ілгерлету процедураға, бақылауға, сондай-ақ, тіркеуге, сақтауға және олардың нәтижелерін әлемдік фармацевтикалық нарыққа ұсынуға қойылатын талаптарға сәйкес, жаңа дәрілік заттарды клиникаға дейінгі зерттеудің ғылыми және ұйымдастырушылық аспектілерін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуге болады. Дәрілік заттардың нарықтық айналымы саласындағы реформаларға сәйкес жануарларға эксперименттік зерттеулер жүргізуді және медицина ғылымы мен өнеркәсіптік технологиялардың заманауи жетістіктерін ескере отырып жасалған тиімді және қауіпсіз препараттармен камтамасыз етудің негізгі міндеттеріне сай орындау зерттеу жұмысының басты қағидаттарына негізделеді.

Қазақстанда алғаш рет *A. schrenkiana*, *C. tianschanica* және *L. turkestanicus* өсімдік түрлерінің шикізаттарын толық ауқымды зерттеу мақсатында өсімдік түрлерінің шикізат базасына бағалау жұмыстары жасалынды және осы түрлер қатысатын өсімдіктер қауымдастықтарына фитогенотикалық сипаттама жасалынып, өсімдіктердің жер үсті мүшелеріне анатомиялық зерттеу жүргізілді. Үш түрлі өсімдік құрамындағы биологиялық белсенді заттар фитохимиялық талданып, олардың тәжірибелік аллоксон диабеті кезіндегі әсері зерттелді. Өсімдіктерден алынған сығындылар жедел және жедел асты уыттылығын анықтауда арнайы сынақ тәжірибелері арқылы жануарларға әсері қарастырылды және олардың ағзаға зиянды әсері байқалмады. Сонымен бірге, *A. schrenkiana*, *C. tianschanica* және *L. turkestanicus* өсімдік сығындыларының жануарлар қанына, эритроциттер мембранасының осмотық төзімділігіне және бауыр микросомаларындағы липидтердің асқын тотығу деңгейіне әсері зерттелді және зерттелген өсімдік топтары антиоксиданттық қасиетіне де ие екені анықталды, бұл зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып табылады. Ізденуші тақырыпты негіздеп, зерттеуден шыққан мәліметтерді аса нанымды, жүйелілікпен баяндаған, өзектілігі, алған нәтижелері күмән келтірмейді.

Сырайыл Саягүлдің диссертациясы біртұтас ғылыми-ізденістік аяқталған жұмыс, (PhD) философия ғылымдарының докторы дәреже беру талаптарына сәйкес нәтижелері іс жүзінде

қолданылатын еңбек. Диссертациялық жұмысты өз бетінше жазып, өзінің маңызды ғылыми мәселелерді шешуге қабілетті білікті маман екендігін дәлелдеді.


Сырайыл Саягүлдің диссертациялық жұмысы, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім саласын бақылау және аттестациялау комитетімен қойылатын барлық талаптарға сай орындалған және «8D05101–Биология» мамандығы бойынша (PhD) философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші:

әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ, биофизика,  
биомедицина және нейроғылым кафедрасының  
аға оқытушысы  
PhD докторы

Қолын растаймын  
Подпись заверяю

Ауешов Т.С.



Ыдырыс Ә.